

**Өтелмеген кепілдіктер бойынша құжаттаманы қалыптастыру үшін талап етілетін құжаттардың тізімі**

«Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да кредит беру жөніндегі құжаттаманы жүргізу саясатында» көрсетілген Кредит беру жөніндегі құжаттардан басқа, өтелмеген кепілдік бойынша құжаттаманы қалыптастыру үшін келесілер қажет:

- 1) Кредиттік-қамтамасыз ету құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын Банк белгілеген нысан бойынша Клиент қол қойған және Банк Кеңесінде тіркелген кепілдік беру туралы өтініш;
- 2) Кепілдік шығарылатын коммерциялық келісімшарттың/кредиттік келісімнің көшірмесі (тендерлік/посттендерлік кепілдік шығарудан басқа барлық жағдайларда), конкурстық құжаттаманың көшірмесі не көлемі көп болған жағдайда-конкурстың және лоттардың атауы туралы ақпаратты қамтитын конкурстық құжаттаманың бөлігі (тендерлік кепілдік шығарылған кезде) немесе конкурстық құжаттаманың көшірмесі мемлекеттік сатып алу кезінде (посттендерлік кепілдікті шығару кезінде);
- 3) Борышкер тұлғаның өзі туралы мәліметтерді Банкпен және борышкер тұлғаның өтініші бойынша Банк шығарған кепілдіктерді немесе кепілгерліктерді кредиттік бюроларға ұсынуға келісімі (№11 қосымша);
- 4) Борышкер тұлғаның Кредиттік бюромен кредиттік есепті алушыға банктік кепілдік және кепілгерлік туралы кредиттік есепті ұсынуға келісімі (№11 қосымша);
- 5) Қарыз алушының (Қосалқы қарыз алушының, Кепілгердің, Кепіл берушінің, Кепілдік берушінің) дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісімі (№11 қосымша);

**Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін кепілдік шығарылатын үшінші тұлғаның құжаттары:**

- 1) Заңды тұлғаның /филиалдың/өкілдіктің мемлекеттік тіркеуден/қайта тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;\*\*
- 2) Жарғының көшірмесі (Жарғының өзгерістері мен толықтырулары), оның ішінде әділет органдарына құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы кіріс тіркеу мөртабанымен (бар болса) (электрондық тізілімге енгізу туралы белгісі бар\*\*) хабарлама;
- 3) Қатысушылар/акционерлер және олардың қатысу үлестерін бөлу туралы мәліметтерді қамтитын құжаттың көшірмесі: Клиенттің Құрылтай шарты (Құрылтай шартына өзгерістер мен толықтырулар)және/немесе Қатысушылардың тізілімі/тізілімінен үзінді (егер қатысушылардың тізімін тіркеуші жүргізсе).

\*\* - көрсетілген құжаттар электрондық үкіметтің [www.e-gov.kz](http://www.e-gov.kz) веб-порталынан анықтама түрінде ұсынылуы мүмкін.